**Жуырда М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың шетел студенттерімен жұмыс жүргізу және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінде «Дін және жастар» атты кең ауқымды іс-шара өткізілді. Бұл бас қосудың негізгі мақсаты-жастарымызды Қазақстан Республикасы аумағында қызмет етуіне тыйым салынған жат діни ағымдардан және шығу тегі белгісіз секталардан қорғау, сондай-ақ, дәстүрлі дініміздің, оның ішінде, Әбу Ханифа мазхабының артықшылықтарын жете түсіндіру болатын.**

# ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР

Жиынға келген қонақтарды таныстырып, кіріспе сөз сөйлеген факультет деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Әлібек мырза діннің тарихына, бүгінгі көпконфессия аралық қоғамымыздағы



саяси тұрақтылықтың сақталуындағы оның өзіндік рөліне толыққанды тоқтала келіп, атажұртты аңсап келген шетелдік қандастарымызға бұл кештің берер руханитағылымдық мәні аса зор екендігіне баса тоқталып өтті. Аталған кездесу кешке Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасы әлеуметтік бастамалар орталығының маманы М. Халықов, сондай-ақ қаламыздағы Солтүстік мөлтекауданы мешітінің бас имамы О. Сәлімбеков жиналған жұртшылықпен өзекті мәселеге қатысты әңгіме-сұхбат жүргізді.

Осыдан соң басты құндылығымыз-бейбіт өмір мен ұлтаралық татулықты насихаттайтын бейнебаян көрсетіліп, дұрыс бағытта мағлұмат беретін шағын кітап көрмесі тамашаланды.

Ұлы Абайдың дін туралы 13- қара сөзін Өнер және мәдениет факультетінің студенті Нұрғазы Өркен мәнерлеп оқып, ал 2-курс студенті Е.Есіркепов «Біздің елдің жігіттері» атты әнімен қатысушыларды тәнті етті. 9-биология тобы тыңдаушылары дайындаған негіз «Сектаның құрбандары» атты сахналық қойылым дін мәселесінің күрделілігін айқындай түсті.

Сондай-ақ, факультеттің тыңдаушысы Жұмәлі Мизам «Алладан басқа жоқ тәңір» әнін, 4-физика тобының тыңдаушысы Тілек Қажыбайұлы «Көңіл толқыны» күйін орындап, көрермендердің ризашылығына бөленді. Мазмұнды да, әсерлі бас қосуды қорытындылай келе М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті мен, Жастар орталығының қызметкерлері кешті ұйымдастырушы ұстаздар мен белсене қатысқан талантты тыңдаушыларға алғысын білдірді.

**М.ШИНАСИЛОВА,**
**М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың аға оқытушысы.**